

Г. И. Уайсова, Г. Т. Сәдуақас, А. С. Бесірова

# ДИКТАНТТАР МЕН МАЗМҰНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған

# 1

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған



Алматы «Атамұра» 2021

ӘОЖ 373 (072)  
КБЖ 74.268.1 Қаз  
У 12

**Уайсова Г. И. т.б.**  
**У 12 Ана тілі: Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы.** Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған/Уайсова Г. И., Сәдуақас Г. Т., Бесірова А. С. – Алматы: Атамұра, 2021. – 48 бет.

ISBN 978-601-331-989-6

ӘОЖ 373 (072)  
КБЖ 74.268.1 Қаз

ISBN 978-601-331-989-6

© Уайсова Г. И., Сәдуақас Г. Т.,  
Бесірова А. С., 2021  
© «Атамұра», 2021

## АЛҒЫ СӨЗ

Оқушылардың жазылым дағдысын қалыптастыруда жазба жұмысын орындау негізгі рөл атқарады. 1-сыныпта жүргізілетін жазба жұмысының басым көпшілігі – көшіріп жазу. Алғашқыда сөзбе-сөз, механикалық көшіру іске асырылады. Тақтада немесе кестеде жазылған сөйлемдерді және «Жұмыс дәптерлеріндегі» тапсырмаларды, мәтінді көшіріп жазады. Кейін бірте-бірте деформаланған мәтінді түзетіп көшіру, сөз теріп көшіру, қалдырылған сөздерді қойып көшіру, толық көшіру жұмыстары ұйымдас-тырылады. Көшіру жұмыстарында керекті әріптердің, сөздердің, сөз тіркестерінің астын сызу т.б. белгіленеді.

Жазба жұмыстарының қай түрі болсын берілген білімді бекіту, қорытындылау, жинақтау, тексеру мақсатында жүргізіледі.

Балалардың жазу (орфография) ережелерін қай шамада меңгергенін білу үшін диктант жұмыстары жүргізіледі. Мектеп тәжірибесінде диктант алу жұмыстары кеңінен таралған.

Диктант – оқушыларды сауатты жазуға дағдыландыру мақсатында қолданылатын жазба жұмыстарының бірі. Ол тілдік емле ережелері негізінде оқушылардың қатесіз жазу дағдысын қалыптастыруға көмектеседі. Сауатты жазуға дағдыландырады. Орфографиялық ережелерді толық меңгертеді. Сол себепті диктант түрлерін сабақ барысында ретіне қарай таңдап, үнемі жүргізіп отырған жөн.

Диктант жұмыстарының жүргізілу мақсаты, көлемі, орындалатын кезеңі, әрқайсысының тексеру жолы және бағалану реті бар. Сабақ барысында диктант жұмыс түрі ретінде жүргізіледі. Бұл ең алдымен сауатты жазуға жаттықтырады.

Диктанттың есту диктанты, сөздік диктант, көру диктанты, өздік диктант және шығармашылық диктант түрлері жиі қолданылады.

*Есту диктанты* орфографиялық жаттығу тәрізді деуге болады, мұнда оқушылар сөздің дыбыстық және әріптік құрамын іштей салыстырып, ережеге сай жазып отырады. Бұл диктант барысында:

- а) оқылған мәтінді акустикалық жағынан қабылдауы;
- ә) оның мазмұнын түсінуі;
- б) іштей айтып отырып, ойланып жазуы;

- в) осының негізінде орфограмманы ойша бөлуі;
- г) жазғандарын ереже бойынша тексеру;
- ғ) жазу, оқушының өзі жазғанын тексеруі іске асырылады.

*Көру диктантын* есте сақтау немесе жатқа жазу диктанты десе де болады. Себебі диктанттың бұл түріне көбіне бір шумақ өлең жолдары, мақал-мәтелдер алынады да, жатқа жаздырылады. Сол арқылы оқушылардың көру, есте сақтау және затты тану қабілетін дамытуға мүмкіндік жасалады.

Диктант мәтіні алдын ала интербелсенді тақтаға жазылып қойылады. Оны оқушылардың екі-үш рет оқып шығуына, асықпай көріп, жадында сақтауына 2 минуттай уақыт беріледі. Содан кейін тақтаға жазылған мәтінді мұғалім жауып қояды да, оқушылар өздіктерінен жатқа жазады.

*Сөздік диктантын* сабақтың әр кезеңінде жаздыруға болады. Диктанттың бұл түрі жазылуы қиын сөздердің емлесін пысықтаудың, қайталаудың ең тиімді жолы болып табылады. Әрбір жаңа сабақтан соң, жаңа сөздер бойынша сөздік диктант алынады. Бірінші сыныпта сөздік диктантының көлемі 5–8 сөзден аспауы тиіс.

*Өздік диктант.* Оқушылар өтілген материалдарға байланысты өздері әріптер мен буындарды, сөз бен сөз тіркестерін және жекелеген сөйлемдер мен жаттап алған өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерді естеріне түсіріп, ойлана отырып, өз бетінше жазады.

Диктанттың бұл түрінің өткенді қайталап, тіл ұстартуда маңызы ерекше. Мұғалім өздік диктантты қай күні жүргізетінін, өтілген материалдардан нені қайталап келу керектігін оқушыларға алдын ала ескертіп отырады.

*Терме диктанты* арқылы оқушылар өтілген тілдік тақырыпқа немесе ережеге байланысты мәтіннен өздеріне қажетті сөз, сөз тіркестерін тауып, оны қатесіз жазуға жаттығады.

Мұғалім терме диктантына арналған мәтінді оқудан бұрын қандай ережеге көңіл бөлу керектігін ескертеді. Кейбір оқушыларға бұрынғы жазу жұмыстарында жіберіп жүрген қателерге байланысты тапсырмалар береді.

Сөйтіп, оқушылар мұғалім оқып тұрған мәтінді тұтас жазбай, әркім одан өзіне берілген тапсырмаға сай сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлемдерді ғана теріп жазады. Терме диктант кез келген ережеге қатысты

жүргізіледі. Оның пайдасы – оқушыларды мәтіннен бұрын өтілген өзіне қажетті орфограммаларды таба білуге үйретеді.

*Шығармашылық диктант* оқушыларды ойлауға жетелейді. Әркім өзінің не үйренгенін, оны іске асыру машығы мен шеберлігі қаншалықты мөлшерде қалыптасқанын байқайды. Бұл диктантты орындау үстінде оқушылар шығармашылық еңбекке үйренеді. Мәселен, оқушылар көп нүктенің орнына тиісті әріптерді (буын, сөзді) қойып жазады, сөздерді дұрыс орналастыру арқылы сөйлем құрайды, орны ауыстырылып берілген сөйлемдерден мәтін құрап жазады. Осы тәрізді белгілі бір грамматикалық ережеге сай тапсырма түрлерін орындайды.

*Графикалық диктантта* (графикалық сызықпен бейнелеу) сөйлемнің, сөздің, буынның және дыбыстың сызбалары үйретіледі. Оны әртүрлі нұсқада жүргізуге болады: алғашқы кездері берілген сөйлемдер бойынша сызба сызу тапсырылса, оқушылар біраз жаттыққан соң, сызба бойынша сөйлемдер құрастырып жазу ұсынылады.

*Ескерту диктанты* көлемі, орфографиялық емле, сөздік қоры жағынан бақылау диктантына жақын келеді. Осы уақытқа дейінгі барлық материалды түгел қамтып, оқушыларды бақылау диктантына тікелей әзірлейді. Сондықтан бұл диктантқа мәтіндерді дұрыс іріктеу маңызды.

Ескерту диктантында мұғалім мәтінді тұтас оқып шығады. Балалар жақсылап тыңдап отырады. Содан кейін түсініксіз деген сөздердің мағынасы түсіндіріледі. Мұғалім әрбір сөйлемді қайта оқып шығады, оқылған сөйлемдер балалардың қатысуымен талданады. Сөйлемді жазбас бұрын мұғалім балалардың зейінін ондағы қиын сөздердің жазылуына, өтіліп отырған ережеге аударады. Оқушылар тиісті дыбысты көрсетеді, ережесін айтып береді, олардың қателескен жері болса, түзетіледі. Осындай жұмыстардан кейін ғана балалар сөйлемді жазуға кіріседі. Егер балалар белсенділік көрсетіп, сөздердің қалай жазылуын, талдануын сұрап, сөздіктен қарайтын болса, онда ескерту диктантының тиімді болғаны.

*Бақылау диктанты* бұрын өтілген материалдарды оқушылар қандай дәрежеде меңгергенін және сауаттылық деңгейінің қандай болғанын анықтау, тексеру мақсатында жүргізіледі. Мұнда оқушы білетін ережені қолданып, өз күшін байқай алады. Мұғалім кез келген бір орфографиялық ережені оқушылардың қалай меңгергендері жөнінде мәлімет

алады. Қандай ереже қайталау керек, кімге қандай көмек керек – соны анықтайды. Диктанттың бұл түрі белгілі бір тақырып өтілгеннен кейін немесе әр тоқсанның соңында алынады.

Бұл диктант төмендегіше жүргізіледі:

а) диктант тақырыбы тақтаға жазылады да, алғашқы сөйлемнің азатжолдан басталатыны ескертіледі; диктант мәтінінде кездесетін жазылуы қиын немесе ережелері өтілмеген сөздерді мұғалім тақтаға жазып қояды;

ә) диктант мәтінін мұғалім екі рет дауыстап оқып береді, жазылуы қиын сөздерді тақтадан қарап алу керектігін ескертеді;

б) мұғалім оқушылардың түгелдей жазып отыруын қадағалап, ең баяу жазатын оқушы жазып болған соң, келесі сөйлемді оқиды, бірақ ол жаңа сөйлем екені айтылмайды;

в) оқушылар диктант мәтінін толық жазып болғаннан кейін, мұғалім мәтінді бастан-аяқ тағы бір рет оқиды. Осы кезде оқушылар мұғалімге ілесе отырып, жазғандарын тексеріп шығады. Қатесі болса, түзетеді.

Мұғалім диктантты сыныпты аралап жүріп емес, бір орында тұрып оқиды.

# ТІЛ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

## Сөздік диктант

Сөйлеу, тіл, ой, ақыл, дауыс.

\* \* \*

Білім, ұстаз, оқушы, мектеп.

\* \* \*

Кітап, мақсат, құрмет, сөз.

## Көру диктанты

Ана тілің – арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте.

*Қадыр Мырза Әли*

\* \* \*

Ой маржанын тере білген  
Өр жазушың, әр ақының.  
Өр сөзіңе тебіренем,  
Ана сүті – Ана тілім.

*Сұлтан Қалиұлы*

\* \* \*

## Өздік диктант

... сүтіндей ананың,  
... тілің – жан арың.

- *Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, көшіріп жазу.*

## Ескерту диктаны

Қыс. Қаңтар айы. Күн қатты суытты. Кеше кешкісін аяз болды. Таңертең терезе әйнектерінен түрлі оюларды көрдім.

### Табиғатты қорғаңдар!

Өссін тоғай, ормандар,  
Өсіргенді қолдаңдар!  
Туған өлке гүлденсін,  
Табиғатты қорғаңдар!

*Әдібай Табылды*

## Бақылау диктаны

### Жазбаша сөйлеу

Адамдар әріптерді бірден ойлап тапқан жоқ. Ертеде олар тасқа сурет салған. Сол арқылы бір-біріне хабар берген.

(16 сөз)

\* \* \*

### Тіл – сөйлеу құралы

Тіл адам үшін аса маңызды. Себебі адамдар тіл арқылы бір-бірімен сөйлеседі. Бірін-бірі түсінеді. Сондықтан тіл адам өмірінде ерекше орын алады.

(20 сөз)

## ДЫБЫС ЖӘНЕ ӘРІП

### Сөздік диктант

Шана, төбе, тайғақ, сырғанақ.

\* \* \*

Қар, қалың, омбы, бала, әке.

\* \* \*

Шөп, қоян, қора, аққала, дала.

\* \* \*

Адам, суық, үй, киім, құлын.



## Терме диктант

Аға, апа, інім деп,  
Қарындасым «гүлім» деп.  
Қандай тәтті өз тілің,  
Сөйлегенде күлімдеп.

- *Өлеңнен туыстық атауларды білдіретін сөздерді теріп жаздыру.*

\* \* \*

Жайлауға көш көшті;  
Көш кеш көшті.

- *Өлеңнен бір дыбысы өзгеріп тұрған сөздерді теріп жаздыру.*

\* \* \*

Жаңа жылдың таңы арайлы,  
Жер-жаһанды аралайды.  
Балалар жүр асыр салып,  
Тоңғанына қарамайды.

*Бөкен Әшенов*

- *Өлеңнен қысқа қатысты сөздерді теріп жаздыру.*

## Көру диктанты

Ардақты, саналы  
Сыйлаймын ананы.  
Мейірім шашады  
Меруерт жанары.

\* \* \*

Ағарған сақалы,  
Сыйлаймын атаны.  
Көңілі ешқашан  
Болмасын қапалы.

*Серік Тұрғынбеков*

## Бақылау диктанты

### Менің атам

Менің атам өте шебер. Күні бойы бір тынбайды. Аттың ер-тұрманын жасады. Бұзауға бұйда дайындады. Екеуіміз кендір жіптен арқан естік.  
(19 сөз)

### Ағатайларым

Менің екі ағам бар. Әлихан үшінші сыныпта оқиды. Хангелді бірінші сыныпта оқиды. Екеуі де үздік оқушылар. Мінездері өте жақсы, тілалғыш.  
(20 сөз)

## ДАУЫСТЫ ЖӘНЕ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

### Сөздік диктант

Аяз, қырау, тон, ішік, ызғар.

\* \* \*

Мұз, боран, мамық, жем, күрек.

\* \* \*

Ата, әже, балақай, мейірім.

\* \* \*

Көше, жақсы, шуақ, көмек, тату.

\* \* \*

Шөже, құлақ, мұрын, қоңырау.

### Көру диктанты

Аяз неткен күйші еді,  
Құлақ күйін келтірген.  
Жол – домбыра ішегі,  
Аяқ бассаң шертілген.

*Оразақын Асқар*

- *Дауыссыз дыбыстардың астын сыздыру.*

\* \* \*

Орман да қар, ой да қар,  
Аппақ болып жатты алап.  
Әне, суықторғайлар:  
Жасыл бауыр, көк қанат.

*Мүбәрак Жаманбалинов*

- *Дауысты, дауыссыз дыбыстарды тапқызу.*

\* \* \*

Аппақ қар, аппақ қар –  
Көңілі анамның.  
Аппақ қар, аппақ қар –  
Қонағы даламның.

*Олжас Қасым*

\* \* \*

Із жатыр ақ қарда,  
Қасқыр түсер қақпанға.

*Байбота Қошым-Ноғай*

\* \* \*

Қыс келді, алақай!  
Мәз болды балақай.  
Үстінде ақ тоны,  
Басында малақай.

*«Балдырған» журналынан*

- *Дауысты дыбыстардың астын сыздыру.*

### **Терме диктант**

Қуан, шаттан, балақай,  
«Көңілді қыс келді» деп.  
Қолғап, пима, малақай  
Киіп, коньки, шаңғы теп.

*Жақсыгүл Қалжанова*

- *Өлеңнен қысқы киім және ойын атауларын теріп жаздыру. Дыбыстық талдау жасату.*

\* \* \*

Қаңтар келді, жыл жаңарды,  
Даланы Күн нұрға малды.  
Терезеде ою-өрнек,  
Шатыр мұзбен сырғаланды.

*Бөкен Әшенов*

- *Қыс мезгіліне қатысты сөздерді теріп жаздыру.*

### **Шығармашылық диктант**

Қардың түрлері: **қырбық** қар, **көбік** қар, **қасат** қар, **жабағы** қар, **омбы** қар.

- *Қарамен жазылған сөздердегі дауысты дыбыстарды бір жолға, дауыссыз дыбыстарды бір жолға жаздыру.*

### **Қар**

Жатқан жерді ... ,  
Қымтайды ... көрпемен.  
Өзі ұқсайды ... ,  
Өзі сондай зерші ерен.

*Құл-Керім Елемес*

*Керекті сөздер:* мақтаға, аппақ, қап-қара.

- *Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жаздыру.*

\* \* \*

### **Көңілді қыс**

Тұрғызайық ... ,  
... ала шық.  
Көмектесіп қарттарға,  
... күрейік, жол ашып.

*Жақсыгүл Қалжанова*

*Керекті сөздер:* күрегіңді, қар, қалашық.

- *Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жаздыру.*

## **Бақылау диктаны**

### **Қыс келбеті**

Аппақ ұлпа қар жерге қонып жатыр. Табиғат жер бетін ақ түске бояғандай. Кіршіксіз қарды басуға қимайсың. Ағаштар ақ қарға оранған.  
(20 сөз)

### **Қыс**

Қыс – жылдың суық мезгілі. Желтоқсан, қаңтар, ақпан – қыс айлары. Қыста түн ұзақ, күн қысқа. Кейде аяз, қатты боран болады.  
(19 сөз)

### **Қаңтар**

Қаңтар айы келді. Жер бетін ақ мамық қар басты. Айналаның бәрі ақ көрпе жамылды. Шыңылтыр аяз бет қариды.  
(18 сөз)

### **Бұлан**

Бұлан – жабайы жануар. Ол қыста мүйізін тастайды. Көктемде мүйізі қайта шығады. Осы кезде бұланның жас мүйізі жұмсақ болады.  
(18 сөз)

## **ЖУАН ЖӘНЕ ЖІҢІШКЕ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР**

### **Сөздік диктант**

Отан, Қазақстан, қала, ауыл, аймақ, өлке.

\* \* \*

Дала, орман, тау, құз, белес.

\* \* \*

Ел, халық, жұрт, әлем, достық.

\* \* \*

## Терме диктант

Қобыз, астық, домбыра, жер, ағаш, жетіген, күз.

- *Берілген сөздердің ішінен музыкалық аспаптарды теріп жаздыру.*

\* \* \*

Ғажап туған өлкеміз,  
Өлкемізде еркеміз.  
Жерұйықты көресіз,  
Біздің елге келсеңіз.  
Атамекен – саямыз,  
Біз бақытты баламыз!

*Бағдат Мәжитов*

- *Мұғалімнің көмегімен берілген сөздердің ішінен «Отан» ұғымына жақын сөздерді теріп жаздыру.*

## Көру диктанты

Бұлбұл гүлзарын сүйеді,  
Адал адам Отанын сүйеді.

\* \* \*

Отан оттан да ыстық.

- *Жуан дауысты дыбыстардың астын сыздыру.*

## Шығармашылық диктант

Т..., Елт...ңба, Г...мн – рәм...здер.

- *Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жаздыру.*

\* \* \*

Анықтама, мағлұмат, хабар, ақпарат, жаңалық.

- *Берілген сөздердегі жуан дауысты дыбыстардың астын бір сызықпен сыздыру.*

\* \* \*

Әнші, күйші, шебер, көмекші, биші.

• *Берілген сөздердегі жіңішке дауысты дыбыстардың астын екі сызықпен сыздыру.*

### **Көру диктаны**

Із,  
Ілім,  
Ілтипат,  
Ізет,  
Ізгі...  
Біліп алдық «І»-ні.

*Жарасқан Әбдіраш*

\* \* \*

Уық,  
Уақыт,  
Уыз  
Басталады «У»-дан.

*Жарасқан Әбдіраш*

### **Жұмбақ**

Жалғыз таяқ боп тұр,  
Төбесінде доп тұр. (І)

\* \* \*

Тауда бар,  
Таста жоқ,  
Жауда бар,  
Доста жоқ. (У)

\* \* \*

Тауарда бар,  
Бұйымда жоқ.  
Ауада бар,  
Құйында жоқ. (У)

*Мұзафар Әлімбаев*

\* \* \*

Сүңгіде бар,  
Оқта жоқ.  
Сүргіде бар,  
Шотта жоқ.

(Г)

\* \* \*

Қоғада бар,  
Қоқымда жоқ.  
Тағада бар,  
Тоқымда жоқ.

(Ғ)

*Бақыт Бұқарбек*

- *Жұмбақтардағы сөз мағынасын өзгертіп тұрған дыбыстарды тауып, астын сыздыру.*

\* \* \*

Нарда бар,  
Малда жоқ.  
Нанда бар,  
Қарда жоқ.

(Н)

\* \* \*

Кеңде бар,  
Тарда жоқ.  
Кемде бар,  
Барда жоқ.

(К)

\* \* \*

Қорада бар,  
Тыста жоқ.  
Қолада бар,  
Мыста жоқ.

(Қ)

*Бақыт Бұқарбек*

- *Жұмбақтардағы сөз мағынасын өзгертіп тұрған дыбыстарды тауып, астын сыздыру.*



\* \* \*

Қарғада бар,  
Көкекте жоқ.  
Сырғада бар,  
Моншақта жоқ.

(Ғ)

\* \* \*

Тазыда бар,  
Итте жоқ.  
Қазыда бар,  
Сүтте жоқ.

(З)

\* \* \*

Сабада бар,  
Месте жоқ.  
Табада бар,  
Пеште жоқ.

(Б)

\* \* \*

Пернеде бар,  
Термеде жоқ.  
Пердеде бар,  
Кермеде жоқ.

(П)

*Бақыт Бұқарбек*

- *Жұмбақтардағы сөз мағынасын өзгертіп тұрған дыбыстарды тауып, астын сыздыру.*

## **Бақылау диктанты**

### **Ұлар**

Ұлар – қасиетті, киелі құс. Сыртқы түрі тауыққа ұқсайды. Олар биік шыңдарды мекен етеді. Оның еті шипалы.

*(16 сөз)*

## Отан

Менің Отаным – Қазақстан. Елімнің жері кең-байтақ. Өзен, көлдері балыққа бай. Қойнауы пайдалы қазбаға толы. Елімді мақтан тұтамын.  
(17 сөз)

## ЖУАН ЖӘНЕ ЖІҢШКЕ АЙТЫЛАТЫН СӨЗДЕР

### Сөздік диктант

Оқулық, кітап, дәптер, қалам, сөмке, бояу, өшіргіш.

\* \* \*

Түлкі, көгершін, тиін, керік, бүркіт.

\* \* \*

Ұршық, оймақ, қайшы, ине, жіп.

\* \* \*

Жүзім, асқабақ, шие, алмұрт, шабдалы.

### Көру диктанты

Қараңғыда жанатын  
Шырақ болғым келеді.  
Шөлге қарай ағатын  
Бұлақ болғым келеді.

*Өтебай Тұрманжанов*

### Терме диктант

#### Әскердегі ағама

«Әліппені» игеріп,  
Хат жазуға жарадым.  
Хаттарыңды үйдегі  
Өзім оқи аламын.

*Оразақын Асқар*

- *Өлеңдегі жіңішке айтылып тұрған сөздерді теріп жаздыру.*

## Шығармашылық диктант

### Ана

Келбетінде ұлылық,  
Даладан кең пейілі.  
... деген жылылық,  
... деген мейірім.

- Жуан айтылатын сөздердің астын бір сызықпен, жіңішке айтылатын сөздердің астын екі сызықпен сыздыру.
- Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жаздыру.

### Жұмбақ

Тісі жоқ, тістеп алады,  
Қолы жоқ, сурет салады.

(Аяз)

- Жұмбақтың шешуін тауып, жуан айтылатын сөздердің астын бір сызықпен, жіңішке айтылатын сөздердің астын екі сызықпен сыздыру.

## ЖУАН ЖӘНЕ ЖІҢІШКЕ ЖҰП ДАУЫСТЫЛАР

### Сөздік диктант

Сазгер, әнші, жазушы, күйші, етікші, бағбан.

\* \* \*

Елік, бұғы, түлкі, қасқыр, қоян, кірпі.

\* \* \*

Білезік, сақина, жүзік, сырға, шолпы, түйреуіш.

### Терме диктант

Берік, орамал, сәукеле, тымақ, шапан.

- Берілген сөздердегі жуан және жіңішке жұп дауысты дыбыстарды теріп жаздыру.

### Көру диктаны

Отан – жерім,  
Отан – суым,  
Отан қуат, нәр береді.

*Мәриям Хакімжанова*

### Шығармашылық диктант

С...л – с...л, с...н – с...н, т...с – т...с, қ...рт – к...рт.

*Керекті әріптер:* о – ө, а – ә, ы – і, ұ – ү.

- *Көп нүктенің орнына керекті әріптерді қойып, сөздер жұбын жаздыру.*

### Көру диктаны

Тәуелсіз ел ұлымын.  
Тыныштығым – мекенім,  
Еркіндігім – шекерім,  
Азаттығым – бесігім,  
Мақтанышым етемін.

\* \* \*

Отбасым – менің Отаным,  
Арайлап атшы, ақ таңым.  
Отбасым – менің Отаным.  
Бақыттың иісі аңқыған  
Отаныма мен ботамын.

*Лида Жанботақызы*

### Бақылау диктаны

#### Қаздар

Көктем келді. Күн жылынды. Қаз ұясына жайғасты. Ол жұмыртқа басты. Таңнан кешке дейін қозғалмайды. Алдына қойған жемді жеп, су ішеді.

*(20 сөз)*

## Үлгілі аға

Менің есімім – Кәусар. Өзімнен үлкен ағам бар. Есімі – Жасын. Ағам сабағын жақсы оқиды. Тәртібі де үлгілі. Мен де озаттар қатарындамын.  
(20 сөз)

## Ұлу

Ұлу баяу қозғалады. Жарық пен қараңғыны ажыратады. Суда, құрлықта тіршілік етеді. Он бес жыл өмір сүреді.  
(16 сөз)

## БУЫН

### Сөздік диктант

Қала, астана, өзен, әдемі, метро.

\* \* \*

Бәйтерек, ауыл, түтін, көрікті.

\* \* \*

Аңыз, мәтел, ертегі, әңгіме, жұмбақ, жаңылтпаш.

\* \* \*

Жеңіл, қауын, зейін, қайық, дауыл, көңіл.

\* \* \*

Мұғалім, дәрігер, аспаз, құрылысшы, кітапханашы.

- *Сөздерді буынға бөліп жаздыру.*

### Өздік диктант

- *Екі буынды жеті сөзді буынға бөліп жаздыру.*

Мысалы: кі-тап, ...

\* \* \*

### Өздік диктант

- *Бір буынды сегіз сөз жаздыру.*

Мысалы: бор, ...

## Терме диктант

Қыс мезгілі. Күн суық. Қар жауып тұр. Өзен үстін қалың мұз жапты. Біздің қуанышымызда шек жоқ.

- *Мәтіннен бір буынды сөздерді теріп жаздыру.*

\* \* \*

Менің ұлтым – қазақ. Мен өз ұлтымды, елім мен жерімді жақсы көремін. Қазақ болып туғаным үшін бақыттымын.

- *Мәтіннен екі буынды сөздерді теріп жаздыру.*

## Шығармашылық диктант

Са-... , қо-... , жа-... , қы-... , қа-... , күл-... .

*Керекті буындар:* гін, ңыр, ры, зыл, ра, сыл.

- *Буындардан сөздер құрастырып, көшіріп жаздыру.*

\* \* \*

Жел, тоқ, пан, сан, тар, ақ, қаң.

- *Адасқан буындардан сөздер құрастырып жаздыру.*

\* \* \*

Жмқтеазприікөпбчхгнмолйудтбарщврскелжбвя

- *Жасырынған бір буынды сөздерді тауып жаздыру.*

## Көру диктанты

Қыс құнар береді,  
Көктем дән себеді.  
Жаз баптап өсірсе,  
Күз жинап тереді.

*Қастек Баянбай*

- *Өлеңдегі бір буынды сөздердің астын бір сызықпен, екі буынды сөздердің астын екі сызықпен сыздыру.*

\* \* \*

Аспанда самғайды  
Тырналар тізіліп,  
Біреуі қалмайды  
Қатардан үзіліп.

*Қастек Баянбай*

## **Бақылау диктаны**

### **Әдеп**

Өзіңнен кішіні ренжітпе. Оларға көмектес. Қамқоршы бол. Үлкендерді сыйла. Алдымен өзің сәлем беруді ұмытпа. Ата-анаңа жәрдемдес. Бұл – жақсы әдеп.

*(19 сөз)*

## **ТАСЫМАЛ**

### **Сөздік диктант**

Жаңбыр, қар, найзағай, бұршақ, дауыл, құйын, тұман.

\* \* \*

Қауырсын, жауынгер, тауық, бауырсақ.

\* \* \*

Құрылысшы, төртінші.

\* \* \*

Маңай, қаңылтыр, таңқурай.

- *Берілген сөздерді тасымалдап жаздыру.*

### **Терме диктант**

Отан, қарбыз, әже, бала, құрт, қаймақ, ара, талқан, сүт, май.

- *Берілген сөздерден тасымалданбайтын сөздерді теріп жаздыру.*

\* \* \*

Тауық, ара, көгершін, ұлан, ұл, аспан, көк.

- *Берілген сөздерден тасымалданбайтын сөздерді теріп жаздыру.*

## Бақылау диктанты

### Сауысқан

Сауысқан – өте сақ құс. Бір орнында тұра алмайды. Ол ағаш діңіндегі құрттарды теріп жейді. Ағашты тоқылдақ сияқты тесе алмайды.

(19 сөз)

### Диқан

Астықты диқан өсіреді. Көктемде жер жыртады. Жерге дән себеді. Дәннен егін көктейді. Оны жаз бойы баптайды. Күзде егінді комбайнмен орады.

(20 сөз)

## ӘЛІПБИ

### Сөздік диктант

Бала, әке, ата, баба.

\* \* \*

Нағашы, жиен, іні, қарындас, аға.

\* \* \*

Түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі.

### Өздік жұмыс

Әже, немере, шөбере.

\* \* \*

Ана, аға, әпке, іні, сіңлі.

\* \* \*

Қуыршақ, ойыншық, доп, сылдырмақ.

- *Берілген сөздерді әліпби ретімен көшіріп жаздыру.*

## Бақылау диктанты

### Көбелектер

Бақта түрлі гүлдер өсіп тұр. Онда көбелектер ұшып-қонып жүр. Кенет бір қарлығаш ұшып келді. Көбелектер жасырынып қалды.

(17 сөз)



# МӘТІН ЖӘНЕ СӨЙЛЕМ

## Шығармашылық диктант

Келесі сабақ – денешынықтыру. Жәния мен Лаура мектеп формасын, аяқкиімін шешті. Олар спорт киімдерін киді. Қоңырау соғылып, оқушылар үзіліске шықты. Оқушылар денешынықтыру сабағын ұнатды.

*\* Орны ауысқан сөйлемдерді мәтін шығатындай етіп жаздыру.*

\* \* \*

Бұлбұл – кішкентай құс ол таңертең ағашқа қонып алып сайрайды бұлбұлдың үні құлаққа өте жағымды.

*\* Сөйлемдерді тиісті тыныс белгісін қойып жаздыру.*

## Өздік диктант

Сәуле кітапханаға барды. Бұл – мектеп кітапханасы. Кітапханада қызық кітап көп. Сәуле іздеген кітаптарын тапты.

*\* Хабарлы сөйлемдерді ма, ме, ба, бе, па, пе сұраулы шылаулары арқылы сұраулы сөйлемдерге айналдырып жаздыру.*

## Бақылау диктанты

### Ара балық

Тұмсығымен жер қазатын балық болады. Оның аты – ара балық. Ол мұхитта тіршілік етеді. Тұмсығы тым ұзын. Ағаш кесетін арадан аумайды.

(20 сөз)

### Тұтқа

Тұтқа деген – ұстағыш. Тұтқа есікте ғана болмайды. Кейбір ыдыстардың, қазанның да тұтқасы болады. Еліне қамқор болған адамды ел тұтқасы дейді.

(20 сөз)

\* \* \*

Достар бір-біріне сенімді, кешірімді болады. Олар достықтарын бұзбайды. Қиындықта көмекке келеді. Шын достар қашанда қасыңнан табылады.

(16 сөз)

«Әдептілік – әдемілік» кітабынан

- *Мәтінге ат қойғызу.*

### **Құлын**

Жаз мезгілі. Әли демалыста атасының үйіне келді. Қорада бие мен құлын бар. Құлын өте жуас. Ол Әлидің ермегі болды.

(19 сөз)

### **Мектеп**

Ауылдың ортасында үлкен мектеп бар. Мектеп маған ұнайды. Сынып бөлмелері кең әрі жарық. Мектепте әртүрлі үйірмелер жұмыс істейді.

(18 сөз)

## **СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҒЫНАСЫ**

### **Сөздік диктант**

Домбыра, қобыз, шертер, сырнай, дабыл.

\* \* \*

Сыйлық, тыйым, қияқ, дәуір, тасбақа, жаңғақ.

\* \* \*

Алабота, кеуек, тобылғы, құлпынай, жыңғыл.

### **Көру диктанты**

### **Құлыншақ**

Неткен сұлу құлыншақ,  
Оттай көзі жайнаған.  
Құйрық, жалы жұп-жұмсақ,  
Құйындай ұйтқып ойнаған.

## Қошақан

Аппақ қозым, ақ қозым,  
Асыр салып, шап, қозым.  
Судың ішіп тұнығын,  
Көк майсада жат, қозым.

## Тайлағым

Десем мынау қайдағы үн,  
Тайраңдаған тайлағым.  
Үй айнала боздамай,  
Кең далада ойнағын.

\* \* \*

Айтқанын істеп ағаның,  
Мұрныңа бұйда тағамын.  
Шөгеремін, тұр деймін,  
Жайлауға алып барамын.

## Бұзауқан

Мұрныңды шүйірмей,  
Құйрығыңды үйірмей,  
Шалшық суды кешпеші.  
Одан, сірә, ішпеші!

\* \* \*

Ұйтқып соққан борасын,  
Басса қойдың қорасын.  
Тазалау үшін қораны  
Көмекші өзің боласың.

\* \* \*

Шанаға сені жегемін,  
Далаға қарды төгемін.  
Ертең-ақ өгіз боласың,  
Күшінді сонда көремін.

## Лағым

Өрлі-берлі секіріп,  
Қатайды буын бекініп.  
Жарқабақтан абайла,  
Жүрме құлап, өкініп!

\* \* \*

Ешкіден туған еркесі,  
Шөбін берді жер төсі.  
Өзің болып өсесің,  
Қой бастайтын серкесі.

*Сейітбаттал Кәттебайұлы*

\* \* \*

«Т»-дан бастап оқысаң,  
Төлі болам пырақтың.  
«Т»-ны сызып тастасаң,  
Көкте қалған орақпын.

*(Тай, Ай)*

\* \* \*

«Б»-дан бастап оқысаң,  
Шеге қағар балғамын.  
«А»-дан бастап оқысаң,  
Ұрандағы «алғамын».

*Құл-Керім Елемес*

## Бақылау диктанты

### Орман

Ауыл шетінде қалың орман бар. Орман ішінің ауасы таза. Құстар түрлі ән салады. Ақ қайың, шырша, үйеңкі көп өседі.

*(19 сөз)*

### Достық

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Мұнда әртүрлі ұлт өкілдері тұрады. Олар бір-бірімен тату, дос. Ынтымақ бар жерде бақыт бар.

*(17 сөз)*

## Береке ауылы

Серік Береке ауылында тұрады. Ондағы тұрғындар тату. Олар бірін-бірі жақсы таниды. Қарттарға құрметпен қарайды. Жастар дәстүрді сақтауға тырысады.

(18 сөз)

## ЗАТТЫҢ АТЫН БІЛДІРЕТІН СӨЗДЕР

### Сөздік диктант

Нан, бауырсақ, шелпек, күлше, тоқаш, талқан, жент.

\* \* \*

Уыз, сүт, ірімшік, сүзбе, қатық, іркіт, ежігей, құрт.

\* \* \*

Саумал, қымыз, шұбат, қымыран, айран, шалап.

\* \* \*

Қазы, қарта, жал, жая, сорпа, шұжық, қуырдақ.

### Көру диктанты

#### Құрт

Томпайтып ұртты,  
Сорамыз құртты.  
Жасайтын оны –  
Тек қазақ ұлты.

*Ескен Елубай*

#### Жент

Ірімшік, қантты ұнтақтап,  
Сарымайға бұлғайды.  
Оны жеген жұрт мақтап,  
Денсаулығын шыңдайды.

## Шығармашылық диктант

### Қымыз

Үш кесе ішем күніге,  
Мен **қымызды** сүйемін.  
Ашытылған күбіге  
Ол сүті ғой биенің.

### Саумал

Ішкенше оны асығам,  
Тәтті,  
Татып жүрміз ғой.  
**Саумал** деген сүті көп,  
Шала ашыған қымыз ғой.

- *Қарамен жазылған сөздерге дыбыстық талдау жасату.*

### Шұбат

Қышқылтым шұбат  
Жүр маған ұнап.  
Ішемін күнде,  
Әжемнен сұрап.

- *Өлеңдегі ұйқасып келіп тұрған сөздерді тауып, астын бір сызықпен сыздыру.*

### Ірімшік

Ұйытқысы бар екен,  
Ұйытты әжем бүгін сүт.  
Қайнатады таңертең,  
Жасайды одан ірімшік.

- *Өлеңдегі жуан дауысты дыбыстары бар заттың атын білдіретін сөзді бір жолға, жіңішке дауысты дыбыстары бар заттың атын білдіретін сөздерді екінші жолға көшіріп жаздыру.*

### Қазы

Білесің бе қазыны?  
Қазақтың ғажап азығы.  
Болса адамның кеселі,  
Ем – май, еті жылқының.

### Бауырсақ

Тұрып кейде азанда,  
Әжем қамыр илейді.  
Біраздан соң қазанда  
Бауырсағы билейді.

- *Өлеңдегі ұйқасып келіп тұрған сөздерді тауып, астын бір сызықпен сыздыру. Қай дыбыстың сөз мағынасын өзгертіп тұрғанын айтқызу.*

### Талқан

Әжем мені « ... » дейді,  
«Қалқам диірмен тартар», – дейді.  
Қуырылған тары, бидай  
Ұнтағы ғой ... деген.

*Керекті сөздер:* талқан, қалқам.

- *Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойғызып, өлеңді көшіріп жаздыру.*

### Терме диктант

#### Сыбаға

Әжем маған сақтапты  
**Жал-жаясын** тәп-тәтті.  
**Қазы** менен **шұжығы**  
**Сүр** болса да қатпапты.

*Серікбай Оспанұлы*

- *Қарамен жазылған сөздерді теріп жаздыру. Қай түліктен алынатын өнім екенін айтқызу.*

## Бақылау диктанты

### Саумал

Әжем екі бие сауды. Сүтті үйге әкелді. Дәкемен сүзіп алды. Саумалдың пайдасы көп. Ол – дертке дауа.

(16 сөз)

### Алматы

Алматы – әсем қала. Алматының көшелерінде троллейбустар, автобустар жүреді. Алматыда саябақтар, театрлар, мектептер көп. Саябақтар өте әдемі.

(16 сөз)

## БАС ӨРІПТЕН БАСТАЛЫП ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

### Сөздік диктант

Абай, Ыбырай, Шоқан, Жамбыл, Бауыржан, Әлия, Мәншүк.

\* \* \*

Райымбек, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Сырым, Өтеген.

\* \* \*

Алматы, Нұр-Сұлтан, Түркістан, Ақтау, Ақтөбе, Өскемен.

\* \* \*

Құлагер, Көкойнақ, Тайбурыл, Ақтабан, Қарақасқа.

\* \* \*

Мойнақ, Ақтөс, Құтжол, Майлыаяқ, Сырттан, Көксерек.

### Көру диктанты

Отанымның төрінде,  
Сарыарқаның өрінде  
Ту ұстаған астанам –  
Нұр-Сұлтаным, бас қалам.

*Тұрдақын Жексенбай*



\* \* \*

Келеді әр жерден,  
Көруге бар елден.  
«Ханшатыр», «Бәйтерек»,  
Көркіне сән берген.

*Серік Әкірамұлы*

### **Терме диктант**

Сарыарқаның төсінде,  
Қанат жайған Есілде.  
Бас болғандай басқаға  
Біздің жаңа астана.

- *Бас әріптен басталып жазылған сөздерді теріп жаздыру.*

### **Терме диктант**

#### **Мұзтау**

Мұзтау – әсем Алтайдың  
Ең ғажайып биігі.  
Сондай-ақ ол Сібірдің  
Мұз басқан оң иығы.

*Құл-Керім Елемес*

- *Бас әріптен басталып жазылған сөздерді теріп жаздыру.*

### **Шығармашылық диктант**

Еліміздің бас қаласы – ... . Ол ... өзенінің жағалауында орналасқан.  
Онда биік, әдемі ... ғимараты бар.

- *Көп нүктенің орнына бас әріптен басталып жазылатын тиісті сөздерді жаздыру.*

## Бақылау диктаны

Мәншүк Мәметова Алматы қаласында тұрды. Әкесі Ахмет дәрігер болған. Анасы Әмина ұстаз еді. Мәншүк тәртіпті болды. Ол батыл жауынгер атанды.

(20 сөз)

## Қуаныш

Біз бақытты отбасымыз. Жақында үйде үлкен қуаныш болды. Өмірге інім Хантөре келді. Інім өте сүйкімді. Енді інімді ойнатамын.

(18 сөз)

## Ыбырай құдығы

Арақарағай орманында Ыбырай құдығы бар. Қостанайдан қырық бес шақырым жерде. Ыбырай атасымен ауыл адамдарын жинап қазған. Жолаушылар құдықтан су ішеді.

(20 сөз)

## Ыбырай

Ыбырай жетіжылдық мектепті үздік бітірді. Атасы Балқожа биге көмекші болды. Қариялардан естіген нақылдарды жазып отырды. Кітапты көп оқыды.

(18 сөз)

## ЗАТТЫҢ ҚИМЫЛЫН БІЛДІРЕТІН СӨЗДЕР

### Сөздік диктаны

Жаз, оқы, жина, бүк, айт, еге, сүрт.

\* \* \*

Айт, жазғыз, қайт, жүргіз, қалдыр, жарыстыр.

\* \* \*

Ойнады, келді, жинады, көрді, алды.

\* \* \*

Оқыды, жуды, жазды, барды, қойды.

## Көру диктанты

Білекті бірді жығады,  
Білімді мыңды жығады.

\* \* \*

Ақыл азбайды,  
Білім тозбайды.

- *Заттың қимылын білдіретін сөздердің астын сыздыру.*

## Шығармашылық диктант

*Жәрдемдес* сөзін тасымалдап жаз.

## Бақылау диктанты

Еламанның атасы еңбекқор. Бүгін шөп шабады. Сол үшін шалғысын қайрап жатыр. Шалғының жүзі жылтырап тұр. Еламан атасына көмектеседі.

(18 сөз)

## Көкек

Көкек ұя салмайды. Балапан баспайды. Ол бір ғана жұмыртқа табады. Жұмыртқасын торғайдың ұясына тастап кетеді. Оны торғай басып шығарады.

(19 сөз)

## Күнбағыс

Диқаншы күнбағыс дөндерін екті. Олар жайқалып өсті. Күзде бес қап пісте жинады. Үш қабынан май тартты. Екі қабын тұқымға қалдырды.

(20 сөз)

## Бағбандар

Биыл көктем ерте шықты. Атам былтыр аулаға түрлі жемістер екті. Күзде түбін көміп қойдық. Сондықтан үсімепті. Біз ағаш түптерін таза-ладық.

(20 сөз)

## **Көктем**

Көктем келді. Күн шуағын ерекше төгіп тұр. Шатырдағы сүңгі мұздар тез еріді. Қар да жоқ болды. Қараторғайлар әсем әуендеріне басты.  
(20 сөз)

## **Кеусен**

Күзде егін піседі. Диқандар мол өнім жинайды. Ауыл адамдарына өнімнен таратып береді. Мұны «кеусен» деп атайды. Қариялар оларға бата береді.  
(20 сөз)

## **ЗАТТЫҢ СЫНЫН БІЛДІРЕТІН СӨЗДЕР**

### **Сөздік диктант**

Сарғыш, күлгін, көгілдір, сұр, бозғылт, қоңыр, аппақ.

\* \* \*

Әдемі, сұлу, көркем, ажарлы, реңді, өңді, көрікті.

\* \* \*

Биязы, инабатты, ұялшақ, мейірімді, жуас, әдепті.

\* \* \*

Ұзын, жалпақ, алып, жіңішке, титтей, қауіпті.

\* \* \*

Қайсар, өжет, батыл, мықты, табанды, ержүрек.

### **Көру диктанты**

#### **Ана**

Мейірімді, сымбатты,  
Қадірменді, қымбатты,  
Ең жақын жан балаға  
Кім десеңдер,  
Ол – ана.

\* \* \*

Әдепті бала – арлы бала.

\* \* \*

Қара қарғаларға  
Ала қарғалар үйір.  
Ала қарғаларға  
Қара қарғалар үйір.

- *Заттың сынын білдіретін сөздердің астын сыздыру.*

### **Шығармашылық диктант**

... аспан, ... тау, ... шөп, ... оқушы, ... кітап.

- *Көп нүктенің орнына сөздер қойғызып, көшіріп жаздыру.*

### **Терме диктант**

Қоңыр, жасыл, сары бар,  
Күлгін, көгі табылар.  
Ал ұшырдым шарымды,  
Мықты болсаң, қағып ал!  
Ұшып кетсе, тағы бар!

*Болат Үсенбаев*

- *Өлеңнен заттың сынын білдіріп тұрған сөздерді теріп жаздыру, астын ирек сызықпен сыздыру.*

\* \* \*

Ала жаздай ұстамай,  
Кең жайлауға босаттым.  
Әдейі кеп ұстаға,  
Айдай таға жасаттым.

*Құдиярбек Ағыбаев*

- *Өлеңнен заттың сынын білдіріп тұрған сөздерді теріп жаздыру, астын ирек сызықпен сыздыру.*

## **Ескерту диктанты**

### **Тауыс**

Тауыс – әлемдегі ең ғажайып құстардың бірі. Оның қауырсындары өте әдемі. Ұзын болса да, оңай жүгіреді. Аса сақ құс.

(18 сөз)

## **Бақылау диктанты**

### **Шәлі**

Еңліктің анасы – шебер тоқымашы. Қызыл, сары, көк түсті жіптерден түрлі бұйымдар тоқиды. Анасы Еңлікке аппақ шәлі тоқып берді. Еңлік қуанды.

(20 сөз)

### **Жайлауда**

Абзал жайлауға келді. Мұнда ата-әжесі бар. Олар мал бағады. Абзал биік жота басына шықты. Аспан ашық. Айнала жап-жасыл, қалың шөп.

(20 сөз)

### **Түлкі**

Түлкі – жыртқыш аң. Ит тұқымдасына жатады. Оның терісі бағалы. Ол кеміргіштерді құртады. Түлкі – өте сақ, айлакер.

(16 сөз)

### **Қарсақ**

Қарсақ – түлкі тұқымдас аң. Оның денесі кішілеу. Құлағы ақшыл, үлкен тұмсығы сүйірлеу болады. Ұсақ жәндіктермен қоректенеді. Жүні қалың, жұмсақ.

(19 сөз)

### **Таутеке**

Таутеке тауда тіршілік етеді. Оның сегіз түрі бар. Ол – қайратты, сақ жануар. Шөппен, арша сабақтарымен қоректенеді. Терісі мен еті пайдалы.

(20 сөз)

## Елік

Елік – сұлу аң. Тауда, орманда, жазықта тіршілік етеді. Жүзге жуық өсімдік түрімен қоректенеді. Лағын құралай дейді. Ол сүйкімді, әдемі болады.

(20 сөз)

## ЗАТТЫҢ САНЫН БІЛДІРЕТІН СӨЗДЕР

### Сөздік диктант

Он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс.

\* \* \*

Тоғыз, сегіз, жеті, алты, бес, төрт, үш, екі, бір.

\* \* \*

Екінші, жиырманшы, бесінші, оныншы.

\* \* \*

Секунд, минут, сағат, тәулік, апта, ай, жыл, ғасыр.

\* \* \*

Бір алманы төртке бөлдім,  
Бір бөлігін жеп те көрдім.  
Қалған үлкен үш бөлігін  
Қасымдағы үш досқа бердім.

*Жәркен Бөдешов*

- *Өлеңдегі сан есімдердің астын сыздыру.*

### Шығармашылық диктант

Бірінші, екі, үш, төрт, бес.

Орын, қол, жұрт, түлік, парыз.

- *Бірінші жолдағы заттың санын білдіретін сөздер мен екінші жолдағы заттың атын білдіретін сөздерді байланыстырып жаздыру.*

\* \* \*

Менің есімім – ... . Мен ... жастамын. Отбасымда ... адам бар.

- *Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жаздыру.*

\* \* \*

Бір жылда ... .. ай бар. Бір айда ... немесе ... .. күн бар. Бір аптада ... тәулік бар. Бір тәулікте ... .. сағат бар.

- *Көп нүктенің орнына заттың санын білдіретін сөздерді қойып, сөйлемдерді жаздыру.*

## **Бақылау диктаны**

### **Бұғы**

Бұғы – сымбатты жануар. Әлемде отыздай түрі кездеседі. Он екі, он алты тармақ үлкен мүйізі болады. Мүйізі бағалы. Шипалы дәрілер жасалады.

(20 сөз)

### **Ай**

Ай – Жердің табиғи серігі. Жерден төрт есе кіші. Оның беті үнемі қараңғы болып тұрады. Күндіз ыстық, түнде суық болады.

(19 сөз)

### **Тиін**

Тиін ұясын ағаш қуысына салады. Ол жаңғақ, саңырауқұлақпен қоректенеді. Тиіннің артқы аяқтары ұзын. Тиін он екі метрге дейін секіреді.

(19 сөз)

### **Қоян**

Қоян қымбат бағалы түбіт береді. Оның терісі де бағалы. Ол өсімтал келеді. Жылына төрт-бес рет көжектейді.

(16 сөз)



# МАЗМҰНДАМАЛАР

## Киімiлгiш

Үйде екі киімiлгiш тұратын. Есік жақтағысы қанағатсыз еді. «Бәрі маған іле берсе...» деп тілейтін. Бірде үйге көп қонақ келді. Олар сырт-киімдерін соған ілді. Төртегі киімiлгiш бос қалды. Есік алдындағы киімiлгiш «Мен күштімін!» деп мақтанды. Бір кезде оның белі талды. Көп жүкті көтере алмай құлап түсті.

*Әділ Балта*

### *Сұрақтар:*

1. Үйде неше киімiлгiш тұратын?
2. Қайсысы қанағатсыз еді?
3. Бірде үйге кімдер келді?
4. Қонақтар киімдерін қай ілгішке ілді?
5. Ол не деп мақтанды?
6. Бір кезде оған не болды?

## Ақ кептер

Жанайдар жаралы кептерді үйге алып келді. Қанаған жеріне йод жағып, дәкемен таңып тастады. Кептерді қорапқа салды да, алдына жем, су қойды. Аздан соң кептер жүре бастады. Үй ішінде әрі-бері ұшып-қонды. Жанайдар жазылған кептерді далаға ұшырып жіберді. Ақ кептер әуелеп ұшып кетті. Жанайдар бұған қатты қуанды.

*«Балдырған» журналынан*

### *Сұрақтар:*

1. Жанайдар үйге не алып келді?
2. Кептердің қанаған жеріне не жақты?
3. Оған не берді?
4. Содан соң кептер не істеді?
5. Жанайдар жазылған кептерді қайда ұшырып жіберді?

## Балық аулаған балалар

Күн жылы еді. Балалар өзенге келе жатты. Біраз жүрген соң, қатты жел тұрды. Аспанды бұлт қаптады. Сіркіреп жауын жауды. Сәлден соң жауын құйып кетті. Балалардың үсті-басы су болды. Олар ағаштардың арасына тығылды. Жауын басылды. Бұлт арасынан жарқырап Күн шықты. Балалар өзенге келді, қармақ салды. Олар балық ұстады. Кешке үйге қайтты.

*Жоспар:*

1. Балалардың өзенге келуі
2. Жаңбырдың жаууы
3. Балалардың балық аулауы

### Жекпе-жек

Ол – кішкентай бала. Біздің ауылға қаладан келді.

Жергілікті бала Кәрім – есер, тентек. Әлі жеткенге тиісіп, зорлықсыз жүрмейді. Балалар одан қорқады. Қылығын айтпайды. Қорқақтық көрсетіп үндемейді. Кішкентай бала қорықпай, оны батыл әшкереледі.

– Мен қорықпадым. Көпшілік бір тентекке соққы бере алады ғой. Мені оған сабатып қоя ма? – деді ол. Тентек жеңілді. Кішкентай бала дұрыс істеді.

Сол бір тентек баланың шын досы да әлгі кішкентай бала болатынына мен күмәнданбаймын.

*Мұқан Иманжанов*

*Жоспар:*

1. Қаладан келген кішкентай бала
2. Жергілікті бала Кәрім
3. Кішкентай баланың Кәрімге қарсы тұруы
4. Кәрімнің жеңілуі

## Таба нан

Сынып есігі ойда-жоқта айқара ашылды. Есіктен атам кіріп келе жатты.

– Сәбит қарағым, – деді мұғалімге ұмсынып. – Мына нанды Алпысқа берші...

Ұялғанымнан екі бетім дуылдап кетті. Үзілісте бәрі мені мазақтайтындай көрінді.

Балалар мені мазақтаған жоқ. Қайта ып-ыстық, қып-қызыл таба нанды бәріміз теңдей бөліп жеп, бір жасап қалдық.

*Алпысбай Шымырбай*

*Жоспар:*

1. Күтпеген жағдай
2. Алпыстың ұялуы
3. Балалардың ыстық нанды бөліп жеуі

## Қараторғай

Көктем. Үйдің төбесіне шықтым. Қараторғайлар мені айналып шырылдап ұша бастады. Кішілеу қараторғай мені сүйкей ұшып өтті. Қанатты достарға не болғанын білейін деп төмен қарадым. Көкшіл жасыл түстес жұмыртқа жатыр. Ол қараторғайдың жұмыртқасы екен.

Өте сүйкімді осы қараторғайлар біздің үйге үйір. Олар бақшамыздағы зиянды құрттарды жейді. Ал балапандары құрт-құмырсқалармен қоректенеді. Сондықтан қараторғайлар бар жердің ағаштары әдемі болып өседі.

*Сәбетқазы Ақатаев*

*Жоспар:*

1. Баланың үй төбесіне шығуы
2. Қараторғайларды көруі
3. Қараторғайлардың пайдасы

## **Қарлығаш пен торғай**

Қарлығаш ұя салды. Дайын ұяға торғай орналасып алды. Торғайға қарлығаштың жалғыз өзінің шамасы келмеді. Ол көмекке басқа қарлығаштарды шақырды.

Қарлығаштар түгел жиналды. Олар ұядан торғайларды қуып шықты. Сөйтіп, қарлығаш өз ұясына қайтадан қоныстанды.

*Жоспар:*

1. Қарлығаштың ұя салуы
2. Дайын ұяға торғайдың орналасып алуы
3. Қарлығаштардың ұйымшылдығы

## **Немересі мен атасы**

Саматтың атасы әбден қартайды. Ол жүре алмайды. Көзі көрмейді, құлағы естімейді. Самат атасын күтеді. Атасын далаға сүйеп шығады. Оның беті-қолын жуғызады, сүлгісін әпереді. Самат атасының төсегін салады. Көрпесін жабады. Атасы немересіне алғысын айтады.

*Жоспар:*

1. Саматтың атасының қартаюуы
2. Саматтың атасына көмектесуі
3. Атасының алғысы

## **Баланың тапқырлығы**

Ерте, ерте, ертеде ен даланы шегіртке жаулапты. Егістіктер тақырға айналыпты. Ағаштар жапырағынан айырылыпты. Шегіртке патшаның алтын ордасына дейін басып кіріпті.

Патша уәзірлерінен ақыл сұраса, бірі дәрімен, екіншісі отпен құрту керектігін айтыпты. Бірде ордаға құс бағушы бала келіпті. Бірақ оның сөзіне ешкім сенбепті. Амалы таусылған бала ақыры қараторғай қамалған тордың аузын ашыпты. Сол-ақ екен қараторғайлар шегірткелерді жей бастапты.

Халық баланың тапқырлығына риза болыпты.

*Жәди Шәкен*

*Жоспар:*

1. Шегірткелердің зияны
2. Құс бағушы баланың тапқырлығы
3. Халықтың балаға риза болуы

### **Асау өзен**

Шілденің шыжыған күні еді. Ауылдың бір топ балалары Түрген өзеніне қарай улап-шулап жүгіріп келеді. Жейделерін шешіп алып, бұлғап-бұлғап қиқулайды. Тау өзенінің суы тастай.

Балалар өзді-өзінің шуылымен қаперсіз келе жатқан.

Кенет Әлжан суға түсіп кетті. Ол ә дегенде-ақ бір батып, бір шығып, әбігерге түсті. Мұны аңғарған Ернар дереу көпірге қарай құйындата жөнелді. Ойы – осы маңнан құтқарып қалу. Ернардың артынан Жаппар, Жұмағұлдар да тұра ұмтылды.

Олар Әлжанды үшеулеп жағаға шығарды.

*«Балдырған» журналынан*

*Жоспар:*

1. Балалардың Түрген өзеніне баруы
2. Әлжанның суға түсуі
3. Балалардың Әлжанды құтқаруы

### **Нұрболдың добы**

Әкесі Нұрболға доп сатып әперді. Оның қуанышында шек болмады. Нұрбол добын алып далаға шықты. Балалар оны көріп қасына келді. Допқа қызыға қарады.

Нұрбол допты ортаға тастады. Балалар екіге бөлініп, футбол ойнауға кірісіп кетті. Балаларға ойын қызықты болды.

*Жоспар:*

1. Әкесінің Нұржанға доп әперуі
2. Нұржанның қуануы
3. Балалардың футбол ойнауы

## **Түлкі мен ешкі**

Бір түлкі далада жортып келе жатыр еді. Байқаусызда апанға түсіп кетті. Апан терең екен. Түлкі одан шыға алмады.

Су іздеген ешкі апанға келді. Апанның ішінде түлкі тұр. Ешкі түлкімен сөйлесіп, оның апанда неге тұрғанын сұрайды. Түлкі апанның салқын, ішінде суы бар екенін айтады. Бұл сөзге сенген ешкі апанға секіріп түсті. Осыны күткен түлкі ешкінің үстіне секіреді. Одан апанның сыртына қарғып шығып, қаша жөнелді.

*Жоспар:*

1. Түлкінің апанға түсіп кетуі
2. Ешкінің түлкіге алданып қалуы
3. Түлкінің айласы

## **Ай неге жалаңаш?**

*(аңыз)*

Ай өзіне көйлек тіктіріп алмақ болыпты.

Тігінші Айдың бойын өлшеп алды. Көйлекті пішіп, тігуге кіріседі. Уәделескен кезде Ай көйлегін алуға келеді. Көйлегі әрі тар, әрі қысқа болып шығыпты...

– Иә, мен қателескен екенмін, – дейді тігінші. Көйлекті қайта пішіп, қайта тіге бастайды.

Ай тағы да көйлегін алуға келе жатады.

Тігінші өзі тіккен көйлектен екі еседей үлкен Айды көреді. Сасқалақтап қаша жөнеледі. Ай іздеп тігіншіні таба алмай қояды.

Сөйтіп, Ай жалаңаш қалыпты.

*Жоспар:*

1. Айдың өзіне көйлек тіктірмек болуы
2. Тігіншінің Айға көйлек тігуі
3. Айдың көйлексіз қалуы

*Оқу-әдістемелік басылым*

**Уайсова Гүлнар Инаматқызы  
Сәдуақас Гүлбану Теміриязқызы  
Бесірова Айкүміс Сайлауханқызы**

**АНА ТІЛІ**

**ДИКТАНТТАР МЕН МАЗМҰНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған

Редакторы *Р. Райбаева*  
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*  
Корректоры *Е. Амангелді*  
Компьютерде беттеген *А. Мамырбаева*

ИБ 081

Теруге 28.06.2021 берілді. Басуға 06.10.2021 қол қойылды. Пішімі 70×90<sup>1/16</sup>.  
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. «Мектептік» қаріп түрі. Шартты баспа табағы 3,51.  
Есептік баспа табағы 2,03. Таралымы 4000 дана. №6151 тапсырыс.  
«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.  
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты.  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.